

Қазақстан Республикасындағы теміржолшылар мен көлік құрылысшылары Кәсіподағы құрылтай съезінде 1992 жылғы 26 наурызда бекітілген

«Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің IV съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 2000 жылғы 21 қыркүйекте бекітілген

Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс VIII съезінде толықтырулармен 2014 жылғы 19 қараша бекітілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2022 жылғы 19 қантардағы

№3 қаулысының 2-бабымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі

қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылғы 26 ақпандағы

№3 қаулысының 6 бабымен)

Қазақстан Республикасындағы теміржолшылар мен көлік құрылысшылары Кәсіподағының кезектен тыс съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 1995 жылғы 6 желтоқсанда бекітілген

«Қазақстан Республикасының теміржолшылар кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің IV съезінде өзгертулермен және толықтырулармен 2010 жылғы 29 қыркүйекте бекітілген

Қазақстан Республикасы көлік саласы кәсіби одағы Бірлескен съезінде толықтырулармен 2014 жылғы 12 желтоқсан бекітілген

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің 2016 жылғы 21 қазандағы №4.п.1. қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

2025 жылғы 10 қыркүйекте «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің XI съезінде бекітілген.

Өзгерістер мен толықтырулар Кәсіподақ Орталық Кеңесінің 2025 жылы 17 қарашада енгізілді (№1 п.3 Қаулы)

«Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ

ҚР ӨМ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2025 ж. « 26 » қараша ЖҮРГІЗІЛДІ БСН 920640000439 № 559-1900-196 Бастапқы тіркелген күні 1992 ж. « 30 » маусым
--

Астана қ.

Жалпы ұғымдар

«Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП) бұдан әрі (Кәсіподақ) - өзінің мүшелері - теміржол саласы қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін көздеп, қорғау үшін еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделер қоғамдастығы негізінде ерікті түрде құрылып, тіркелген мүшелігі бар қоғамдық бірлестік.

Кәсіподақтың Орталық Кеңесі (Кәсіподақ ОК) – Кәсіподақ Жарғысына сәйкес құрылған сайланбалы басқару органы, Кәсіподақ съездері аралығындағы кезеңде жұмыс істейді, Орталық Кеңес мүшелері съезде сайланады.

Кәсіподақтың Атқару комитеті - жарғылық мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін Кәсіподақтың Орталық кеңесінің отырысында сайланатын сайланбалы жұмыс органы.

Кәсіподақ төрағасы - сайланбалы жеке - дара атқарушы орган. Кәсіподақ съезінде сайланады, съездер арасындағы кезеңде Орталық Кәсіподақ Кеңесінің, Кәсіподақ Атқару комитетінің жұмысына басшылық жасайды. Лауазымы бойынша съездің делегаты болып табылады.

Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы - Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Кәсіподақ съезінде сайланады.

Кәсіподақтың филиалы - Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімі бойынша құрылған Кәсіподақтың құрылымдық филиалы, заңды тұлға болып табылмайды.

Кәсіподақ филиалының төрағасы - сайланбалы дара атқарушы орган. Кәсіподақ филиалының конференциясында сайланады, Кеңестің және Филиалдың Атқару комитетінің жұмысына басшылық етеді. Лауазымы бойынша конференция делегаты болып табылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Өңірлік кеңесі (бұдан әрі – Өңірлік кеңес) – Кәсіподақтың филиалдары жоқ өңірлерде ұйымдастырылатын алқалы орган.

Өңірлік кеңестің құрамына Кәсіподақтың бастауыш (цехтық) ұйымдарының төрағалары кіреді және олардың қызметін Кәсіподақ Орталық Кеңесінің өкілі үйлестіреді.

Кәсіподақ бастауыш ұйымдарының Өңірлік кеңесі туралы Өңірлік кеңестің қызметі Кәсіподақ Орталық Кеңесінің бекіткен Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіподақ Орталық Кеңесінің өкілі - Кәсіподақтың Атқарушы комитетінің келісімі бойынша Кәсіподақ Төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын лауазымды адам.

Кәсіподақ Орталық Кеңес Өкілінің қызметі Кәсіподақ Атқарушы комитеті бекітетін Кәсіподақ Орталық Кеңесінің Өкілі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің ревизиялық комиссиясы - олардың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау ісін жүзеге асыру үшін

конференцияда (жиналыста) сайланады

Кәсіподақтың мүшелік ұйымы - әлеуметтік әріптестіктің тиісті деңгейінде Кәсіподақ құрамына қатысушы ретінде кіретін, Кәсіподақ Жарғысын мойындайтын және сақтайтын жергілікті кәсіподақ

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы - тікелей кәсіпорында/ұйымда болатын және осы ұйымның қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын, кәсіпорын/ұйым деңгейінде әлеуметтік әріптестікте жұмыскерлердің өкілетті өкілі болып табылатын заңды тұлға құрмайтын кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі

Бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымында цехтық кәсіподақ ұйымдары, кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

Кәсіподақ комитеті (Кәском) – бастауыш ұйымның сайланбалы алқалы басқарушы органы

Цехтық комитет (Цехком) – бастауыш ұйымның құрамына кіретін сайланбалы алқалы басқарушы орган,

Кәсіподақ тобы - ағымдағы жұмысты жүргізу үшін Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша құрылатын бастауыш ұйымның сайланбалы буыны. Кәсіподақ тобын кәсіподақ тобының ұйымдастырушысы басқарады.

Бастауыш Кәсіподақ ұйымының (кәскомның, цехкомның) төрағасы – сайланбалы жеке-дара атқарушы орган.

Негізгі жұмысынан босатылмаған бастауыш ұйымның төрағасы-негізгі жұмысымен қоса міндеттерді орындайтын сайланбалы жеке-дара атқарушы орган.

Негізгі жұмыстан босатылмаған Төраға ұжымдық шартта айқындалған талаптар мен тәртіп бойынша кәсіподақ жұмысын орындау үшін одан босатылады.

Кәсіподақ мүшесі - кәсіподақ мүшелігіне кіру туралы өз еркімен тілек білдірген, оның Жарғысын мойындайтын және сақтайтын, мүшелік Кәсіподақ жарналарын төлейтін жеке тұлға

Кәсіподақ есебі - Кәсіподақ Жарғысына сәйкес жүзеге асырылатын және кәсіподақ ұйымының саны мен сапалық құрамы туралы сенімділікті қамтамасыз ететін кәсіподақ мүшелерінің бастапқы есебі

Кәсіподақтық қызмет көрсету - Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының қаржылық, салықтық, бухгалтерлік есептілігін, сондай-ақ мамандарының есебін жүргізу

Мүшелік кәсіподақ жарналары - Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде аударатын ақша сомасы

Ерікті жарналар - Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын ұйымның (кәсіпорынның) қызметкері Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мүшелік жарналар мөлшерінен кем емес мөлшерде Кәсіподақ шотына аударатын ақша қаражатының сомасы.

Съезд - Кәсіподақтың жоғары басқару органы, оған делегаттар кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің жиналыстарында/конференцияларында сайланады және оларға съезде өз сайлаушыларын ұсыну өкілеттігі беріледі.

Съездің кворумы сайланған делегаттардың кемінде 2/3-і қатысқан кезде

танылады.

Жиналыс – Кәсіподақ Жарғысына сәйкес белгілі бір мәселелерді ұжымдық жария талқылау үшін атқарушы органның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілетін бір теміржол кәсіпорны/ұйымының қызметкерлері-Кәсіподақ мүшелерінің бірлескен қатысуы.

Жиналыс кворумы кәсіпорынның /ұйымның бастауыш кәсіподақ ұйымында есепте тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50%-ы қатысқан кезде танылады.

Конференция – Кәсіподақ Жарғысына сәйкес Кәсіподақтың тиісті сайланбалы органы айқындаған өкілдік нормасына сәйкес еңбек ұжымы сайлаған кәсіподақ мүшелері/делегаттар өкілдерінің белгілі бір мәселелерді талқылау үшін белгіленген мерзімде өткізілетін жиналысы (кеңесі).

Конференция делегаттарына конференцияны өткізу уақытында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін белгіленген үлгідегі мандаттар беріледі.

Конференция кворумы конференцияға сайланған делегаттардың кемінде 2/3-і қатысқан кезде танылады.

Заңсыз – заңға қайшы, құқыққа қайшы, жарамсыз, яғни тиісті сайланбалы орган бекіткен Кәсіподақ Жарғысының нормалары мен талаптарына және Кәсіподақтың басқа да нормативтік, жергілікті актілеріне сәйкес келмейді

I. Жалпы ережелер

1.1 Толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі
- орыс тілінде: Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного транспорта»

Қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСП
- орыс тілінде: КАЗПРОФЖЕЛ

1.2. Бұдан әрі «Кәсіподақ» деп аталатын «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСП), өз мүшелерінің өндірістік және кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған тәуелсіз, салалық, дербес қоғамдық бірлестік болып табылады.

1.3. Кәсіподақ заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, халықаралық құқықтың көпшілік мақұлдаған нормаларына және осы Жарғыға сәйкес әрекет етеді.

1.4. Кәсіподақ жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Кәсіподақтың басшы органдары бекітетін Жарғыны, құрылымды, құрылымдық бөлімшелер туралы Ережелерді, Кәсіподақтың ішкі қызметі үшін өзге де нормативтік және жергілікті актілерді дербес әзірлеуге және бекітуге құқылы.

Қызметтің басым бағыттарын айқындайды, кәсіподақ органдарын құрады, қызметін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

тыйым салынбаған съездерді, жиналыстарды, конференцияларды және басқа да іс-шараларды өткізеді.

Кәсіподақ өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан және басқа да қоғамдық ұйымдардан, жұмыс берушілерден және олардың бірлестіктерінен тәуелсіз, оларға бағынбайды және есеп бермейді.

Кәсіподақтың олармен өзара қарым-қатынасы тең құқылы ынтымақтастық пен әріптестік қағидаттары негізінде құрылады.

1.5. Кәсіподақ басқа кәсіподақтармен ынтымақтасуға, еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында жұмыс істейтін кәсіподақтардың халықаралық бірлестіктеріне кіруге, сондай-ақ ынтымақтастық туралы шарттар, келісімдер жасасуға, халықаралық ұйымдармен бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыруға, өткізуге және заңнамаға сәйкес еңбекшілердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған жобаларды іске асыруға, Республикалық және халықаралық кәсіподақ қозғалысына қатысуға, ынтымақтастық туралы келісімдер негізінде шетелдік кәсіптік одақтармен және басқа да қоғамдық ұйымдармен іскерлік байланысқа түсуге құқылы.

1.6. Кәсіподақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында іс-әрекет жасайды.

1.7. Кәсіподақтың банктерде есептік және басқа шоттары, бекітілген үлгідегі мөрі, мөртабаны, бланкілері болады.

1.8. Орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 6.

II. Кәсіподақ қызметінің мақсаттары мен түрлері, олардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Кәсіподақ қызметінің мәні: Кәсіподақ мүшелерінің жеке, ұжымдық, кәсіби және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру, көрсету және қорғау, қайырымдылық қызметіне қатысу, мәдени және спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысу, ақпараттық хабардар ету, патриоттық тәрбие болып табылады.

2.2. Кәсіподақ өз мүшелерінің еріктілігі, тең құқықтығы мен ынтымақтастығы негізінде олардың еңбек, кәсіби, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтарын, кепілдіктері мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылады және қызмет етеді.

2.3. Кәсіподақ өзінің сайланған органдары арқылы өз мүшелерін қорғауға:

- кәсіподақ ұйымдарының қызметін біріктіру, бағыттау және үйлестіруге;
- мемлекеттік билік органдарында және жұмыс берушінің алдында, соттарда өз мүшелерінің, мүшелік ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, прокурорлық қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіру туралы прокуратураға өтініш жасауға;
- мемлекеттік органдардың өкілдерімен және жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу, жұмыс берушілердің салалық ұйымдарының өкілетті өкілдерімен және Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен салалық

- келісім жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болу, келісім жобасын дайындау және оны жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысуға;
- әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық үшжақты комиссияның жұмысына қатысуға;
 - жұмыс берушінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуге, ұжымдық шарттар жобасын дайындау жөніндегі келіссөздерге қатысуға және ұжымдық шарттар жасасу кезінде әлеуметтік әріптестік тарапы болуға және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
 - Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға жүгінуге, олардың құқықтарын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің күшін жоюға қол жеткізуге;
 - әлеуметтік-еңбек қатынастарына, оның ішінде еңбекақы төлеу мен нормалауды ұйымдастыруға, бюджет және салық саясатына, жұмыспен қамтуға, еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды не заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар әзірлеу ісіне қатысуға не тиісті мемлекеттік органдарға енгізуге;
 - мемлекеттік органдарға ҚР еңбек заңнамасын, «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңын бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;
 - ҚР Кәсіподақтар туралы заңнамасын бұзатын, келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын адамдарды жауапқа тарту бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;
 - еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуға;
 - ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысуға;
 - келісім комиссиясы, медиация мәселелері бойынша кәсіподақ мамандары мен активтерін оқыту, біліктілігін арттыру ісін ұйымдастыруға;
 - еңбек талаптары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттауға қатысуға;
 - өмір сүру деңгейіне, отбасы бюджетіне, инфляцияға, жұмыссыздыққа, еңбекті қорғауға қатысты зерттеулерді жүзеге асыру және осы мәселелер бойынша мемлекеттің экономикалық саясатының әлеуметтік бағытына қол жеткізуге;
 - Кәсіподақ мүшелеріне оларды кәсіби даярлау және қайта даярлау, медициналық және зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру, санаторий-курорттық емдеу және демалыс мәселелері бойынша жәрдем көрсетуге;
 - өз мүшелері мен құрылымдық бөлімшелеріне ұйымдастырушылық, кеңес беру, құқықтық, материалдық, қайырымдылық көмек көрсетуге;
 - өз өкілдерін қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің, республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерінің депутаттығына ұсынуға;
 - Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Заңда

белгіленген тәртіппен өтетін жиналыстар, демонстрациялар, бейбіт шерулер, шерулер, ереуілдер және басқа да жаппай акциялар ұйымдастыру және өткізуге;

- осы Жарғыда көзделген міндеттерді орындау үшін шаруашылық қызметті жүзеге асыруға, кәсіпорындар құруға, ақша қорларын қалыптастыруға, акциялар, басқа да бағалы қағаздар сатып алуға және кәсіпкерлік қызметті дамытуға;

- ақпараттық-консультативтік, насихаттық және баспа қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2.4. Кәсіподақ өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғы ережелерін, кәсіподақ органдарының шешімдерін және жергілікті актілерді сақтауға;

- ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауға;

- өкілеттіктер шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;

- кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

- кәсіподақтар мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуды дамыту және пәтуғаға қол жеткізу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;

- қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;

- Кәсіподақ Жарғысында айқындалған шарттар және тәртіп бойынша кәсіподақ мүшелеріне ақшаның түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беруге міндетті.

III. Кәсіподаққа мүшелік

3.1. Кәсіподаққа мүшелік - кәсіподақ мүшелерінің жеке тұлға, ал мүшелік ұйымдардың - заңды тұлға болуын қамтиды.

Кәсіподақ мүшесі басқа кәсіподақтарға мүше бола алмайды.

3.1.1. Жеке тұлға:

- Жарғыны мақұлдайтын және белгіленген мөлшерде мүшелік жарна төлейтін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар

- қызметкер

- кәсіпорында/ұйымда есепте тұрған зейнеткер

- жоғарғы және орта көлік оқу орындарының студенті/оқушысы.

3.1.2. Заңды тұлға - Жергілікті кәсіподақ.

3.2. Кәсіподаққа мүшелік ерікті болып табылады. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау және одан шығу тиісті кәсіподақ ұйымына жазбаша түрде берілген жеке өтініш бойынша жеке тәртіппен жүргізіледі. Кәсіподаққа қабылдау және

одан шығу туралы шешім:

- бастауыш ұйымның жиналысында - кәсіподақ мүшелерінің саны 30 адамнан кем болмаған кезде;
- бастауыш ұйым жиналысынан (конференциясының) ақпараты, 30 адамнан астам қатысушысы бар кәсіподақ комитетінің отырысында қабылданады.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алу бастауыш ұйымда негізгі жұмыс орны бойынша есепке алу карточкалары бойынша немесе электрондық жеткізгіште жүзеге асырылады.

3.3. Кәсіподақ жарналары белгіленген мөлшерде төленген жағдайда кәсіподақ өтілі мен мүшелігі сақталады:

- саны/штаты қысқаруына, таратылуына байланысты еңбек шарты бұзылған қызметкерлер - оларды сала ұйымында, кәсіпорнында жұмысқа орналастырған сәтке дейін, бұл ретте жұмысқа орналасу мерзімі 3 айдан аспауы тиіс;
- жасы, мүгедектігі бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмысын тоқтатқандарға;
- жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған және заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің актісіне таласты қызметкерлер, бұл ретте сала ұйымында, кәсіпорнында одан әрі жұмысқа орналасу мерзімі кемінде 3 ай болуға тиіс.

3.4. Кәсіподақ мүшесінің:

- Кәсіподақ пен оның органдары жағынан өзінің еңбек, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерінің мемлекеттік билік органдарында, жұмыс берушінің алдында, сот және басқа органдарда қорғалуына;
- кәсіподақ органдарынан консультациялар сұрауға, сонымен қатар, арызбен, ұсыныстармен жүгінуге және жүгіністің мәні бойынша жауап алуға;
- еңбек және өзге дауларды шешу кезінде кәсіподақ органдары көрсететін тегін құқықтық көмекті пайдалануға;
- Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алуға;
- кәсіподақ органдарын сайлауға және сайлануға;
- Кәсіподақ қызметіне қатысуға, ұсыныстар енгізуге және кез-келген деңгейдегі Кәсіподақ қызметіне байланысты мәселелерді еркін талқылауға, сайланбалы органдардың қызметіне баға беруге, олардың қызметі жөнінде ақпараттар алуға;
- Кәсіподақ жасасқан шарттарда және келісімдерде қаралған қосымша жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығы бар.

3.5. Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар Кәсіподақ мүшелігіне алғаш кірген күннен бастап 6 ай өткен соң күшіне енеді.

Кәсіподақ қаражатынан материалдық және қайырымдылық көмек алу құқығы, Кәсіподақ мүшелігіне қайта кіретін қызметкерлерге қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар кәсіподақ мүшелігіне қабылданған күннен бастап 6 ай өткен соң түседі.

3.6. Кәсіподақ мүшесі:

- Кәсіподақ Жарғысын сақтауға, бастауыш ұйым және барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қабылдаған шешімдерді орындауға;
- белгіленген тәртіп пен мөлшерде ай сайын мүшелік жарналарды төлеуге;

- еңбек және ұжымдық шарттарда (келісімдерде) қаралған міндеттерді орындауға;
- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделері қорғалғанда оларға тілектестік білдіруге, Кәсіподақтың ұжымдық іс-әрекеттерін қолдауға;
- Кәсіподақтық қозғалысқа зиян келтіретін әрекеттерге кедергі жасауға міндетті;

3.7. Кәсіподаққа мүшелік:

- жеке өтініші бойынша одан шыққан;
- одан шығарылған;
- еңбек шарты бұзылған кезде тоқтатылады.

Кәсіподақтан шығу туралы мәселені Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар Кәсіподақ мүшесінің жеке өтініші негізінде қарайды.

Кәсіподақтан шығару туралы мәселе Кәсіподақ мүшесінің жарғылық міндеттерін орындамауы, сондай-ақ Кәсіподақтың бірлігіне нұқсан тигізіп, зиян келтіретін іс-әрекеттер жасаған жағдайда қаралады.

Кәсіподақ мүшесінің қабылданған шешімге үш ай мерзімде жоғары тұрған Кәсіподақ органына шағымдануға құқығы бар.

Кәсіподақтан шыққан немесе Кәсіподақтан шағарылған тұлға Кәсіподаққа жалпы негізде қабылдануы мүмкін.

3.8. Жарғылық міндеттерін орындамағаны, соның ішінде үш ай ішінде дәлелді себептерсіз мүшелік жарналарды төлемегені немесе Кәсіподақтың бірлігін бұзатын немесе Кәсіподаққа залал келтіретін іс-әрекеттері үшін Кәсіподақ мүшесіне келесі жазалар қолданылуы мүмкін;

- Кәсіподақтан шығару туралы ескерту;
- Кәсіподақтан шығару.

3.9. Кәсіподақ мүшесіне жаза қолдану туралы шешім оның қатысуымен қабылданады. Кәсіподақ мүшесі жауапкершілік туралы мәселені қарауға қатысуға дәлелді себептерсіз бас тартқан жағдайда, мәселе оның болмаған кезінде қаралуы мүмкін.

3.10. Кәсіподақ беретін жеңілдіктерді пайдалану құқығынан айыру және Кәсіподақтан шығару туралы шешімді Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар, сондай-ақ жоғары тұрған сайланбалы кәсіподақ органдары, кейіннен бастауыш ұйымға хабарлаумен, қабылдайды. Бұл шешім Кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қабылданады. Егер ол дәлелді себепсіз келмесе, мәселе ол болмаған кезде шешіледі.

Егер жиналысқа қатысушылардың немесе оның отырысына қатысатын сайланбалы орган мүшелерінің кемінде үштен екісі оған кворум болған кезде дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

3.11. Жұмыстан босатылуына немесе басқа жұмысқа ауысуына байланысты бастауыш ұйыммен байланысын үзген Кәсіподақ мүшесі осы кәсіпорынның (ұйымның) бастауыш ұйымының кәсіподақ есебінен шығарылады.

3.12. Кәсіподақтан шыққанға немесе шығарылғандарға Кәсіподаққа төленген мүшелік жарналары қайтарылмайды.

3.13. Кәсіподақтарға мүше болу Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдік берілген азаматтардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық,

саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге әкеп соқпайды.

3.14. Кәсіподақ қызметіне белсенді қатысқан Кәсіподақ мүшелеріне:

- алғыс берумен;
- белгілермен, грамоталармен;
- ақшалай сыйақылармен, бағалы сыйақылармен, кәдесыйақылармен;
- демалыс үйлеріне, санаторий-курорттық емделуге жолдамалармен, туристік жолдамалармен көтермелеу шараларымен құрмет көрсетілуі мүмкін.

IV. Кәсіподақтың құрылуы мен қызметінің негізгі қағидаттары

4.1. Кәсіподақ өндірістік-салалық белгі, ұйымдастырушылық біртұтастық бойынша құрылады және өзінің қызметін келесі қағидаттар:

- салалық кәсіподақ қозғалысының бірлігі;
- Кәсіподаққа өз еркімен кіру, Кәсіподақтың барлық мүшелерінің тең құқылығы және одан өз еркімен шығу;
- кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға дейін сайланбалы болуы, олардың жұмысында Кәсіподақ мүшелерінің және жоғары кәсіподақ органдарының алдында есеп беруі;
- Кәсіподақтың сайланбалы органдары жұмысының алқалы болуы;
- Кәсіподақтың барлық ұйымдары мен органдарының жұмысына өзара сенім білдіру;
- жоғары тұрған сайланбалы алқалы кәсіподақ органдарының шешімдерін және оларға кәсіподақ жүктеген міндеттерді орындау кезінде кәсіподақ органдарына сайланған (өкілет берілген) қызметкерлердің жеке жауапкершілігі, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтауы;
- жоғары тұрған ұйымдар органдары шешімдерінің міндеттілігі, Кәсіподақ ұйымдарының жарғылық құқықтары мен өкілеттіктері шегінде жоғары тұрған ұйымдар органдарына есептілігі, жоғары тұрған ұйым органының осы Жарғы мен заңнаманы бұза отырып қабылданған кәсіподақ жиналыстары (конференциялары) мен кәсіподақ ұйымдарының сайланбалы органдары шешімдерінің күшін жою құқығы;
- әлеуметтік әріптестік органдары мен Кәсіподақтың жоғарғы органдары шешімдерінің төменгі органдар мен Кәсіподақ мүшелері және мүшелік ұйымдары үшін орындалуының міндеттілігі;
- бірыңғай қаржылық саясат;
- Кәсіподақтың бірлігі мен беделін нығайту, Кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда іс-қимылдарды біріктіру, өзара көмек пен ынтымақтастықты дамыту;
- Кәсіподақтың әрбір мүшесінің пікірін құрметтеу, қорғау, өз ұстанымын түсіндіру құқығы;
- Кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға сайлануы;
- кәсіподақ кадрларын және активін оқыту, біліктілігін көтеру және кадр резервін сапалы дайындауға негізделген бірыңғай кадрлық саясат негізінде құрылады.

4.2. Кәсіподақтың ұйымдық құрылымы аумақтық және өндірістік-

аумақтық қағидаттардың үйлесімі негізінде құрылады.

4.3. Кәсіподақ өзінің практикалық қызметінде аумақтық (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде) кәсіподақтар бірлестіктерімен және жергілікті кәсіподақтармен достық байланыс және іскерлік ынтымақтастық пен әріптестік негізінде өзара іс-қимыл жасайды:

- Кәсіподақ бастауыш ұйымдарына, Кәсіподақ құрамына кіретін жергілікті кәсіподақтарға ұжымдық келіссөздер жүргізуге, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек даулары мен жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;
- өңірлік мәселелер бойынша бірлесіп және келісе отырып шешімдер қабылдайды, Кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қорғау және өзара қолдау үшін күш-жігерді біріктіре отырып, жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестік орнатады;
- кәсіподақтың ықпалын нығайтуға және сала мен өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асыруға, Кәсіподақтың орталық органдарының шешімдерін орындауға бағытталған шараларды жүзеге асырады;
- кәсіподақтар мен кәсіподақ мүшелерінің, оның ішінде халықаралық кәсіподақ қозғалысының құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірлескен акциялар өткізеді.

4.4. Ұйымда/кәсіпорында бір ғана бастауыш Кәсіподақ ұйымы құрылуы мүмкін.

V. Кәсіподақтың ұйымдастырушылық құрылымы. Кәсіподақ органдарын қалыптастыру тәртібі, өкілеттік мерзімдері

5.1. Осы Жарғы шеңберіндегі Кәсіподақ құрылымы мыналарды қамтиды:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдары, сондай-ақ Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Өңірлік Кеңестері;
- Кәсіподақтың филиалдары;
- Жергілікті кәсіподақтар.

5.2. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері олардың өкілеттіктерін іске асыратын алқалы және жалғыз, жиналыстар/конференциялар, съездер арасындағы кезеңде қызметті ұйымдастыратын сайланбалы органдар сайлайды.

5.3. Жиналыс жұмысына осы кәсіпорынның/ұйымның Кәсіподақ бастауыш ұйымының есебінде тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50% қатысса, жиналыс заңды болып саналады.

Конференцияның жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, онда ол заңды болып саналады.

Съезд жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, онда ол заңды болып саналады.

Сайланбалы органдардың отырыстарының жұмысына сайланбалы органдар мүшелерінің кемінде 50% қатысса, онда бұл отырыстар заңды болып саналады.

5.4. Съездерде, жиналыстарда, конференцияларда, Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің сайланбалы органдарының отырыстарында шешімдер, егер Жарғының басқа тармақтарымен өзге көзделмесе, кворум

болған жағдайда, делегаттардың, жиналыстарға қатысушылардың, сайланбалы органдар мүшелерінің көпшілік дауыстарымен қабылданады.

5.5. Кез келген шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беру регламенті мен нысаны (ашық, жабық) съезд, жиналыс, конференция делегаттарымен, сайланбалы органдар отырыстарының қатысушыларымен анықталады.

5.6. Есептік-сайлау жиналысы (конференция) еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде ерекше жағдайларда: карантиндер, мемлекеттік актілер, дүлей зілзалалар және т.б. жоғары тұрған сайланбалы органдармен келісім бойынша бейнебайланыс және Кәсіподақтың ішкі құжаттарында айқындалған басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары арқылы өткізілуі мүмкін.

5.7. Барлық деңгейдегі, сайланбалы органдардың төрағаларын сайлау жиналыс, конференция, съезд тиісті кәсіподақ органдарының есептік баяндамасын және ревизиялық комиссияның баяндамасын тыңдағаннан және талқылағаннан соң және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

Кәсіподақ төрағасы, Кәсіподақ филиалының төрағасы лауазымына сайлау үшін кандидатуралар теміржол саласында жұмыс істейтін, Кәсіподақтың сайланбалы органдарында кемінде үш жыл кәсіподақ жұмыс өтілі бар Кәсіподақ мүшелерінің қатарынан ұсынылады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымның төрағасы болып осы кәсіпорында бір жылдан кем емес жұмыс істейтін Кәсіподақ мүшесі ғана сайлана алады.

5.8. Кәсіподақта есеп беру-сайлау науқанын өткізудің бірыңғай мерзімдері белгіленеді. Кәсіподақ органдарының, оның ішінде есептік-сайлау науқандары арасында құрылған органдардың өкілеттіктері келесі есептік-сайлау науқаны өткізілгенге дейін сақталады.

Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

Кәсіподақтың алқалы сайланбалы органның және бастауыш ұйым төрағасының өкілеттік мерзімі оларды сайлаған күннен басталады және бірыңғай мерзімде - жұмыс істеп тұрған сайланбалы органның өкілеттік мерзімі аяқталған күні аяқталады.

5.9. Кәсіподақтың сайланбалы органдары мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және шығып қалғандардың орнына жаңасын сайлаған кезде, жаңадан сайланған сайланбалы (алқалы, жеке) органның өкілеттік мерзімі тиісті сайланбалы (алқалы, жеке) органның өкілеттігінің қалған мерзіміне Кәсіподақта бірыңғай мерзімде өткізілетін кезекті есептік-сайлау науқанына дейін қолданылады.

5.10. Алқалы сайлау органының немесе Кәсіподақтың бастауыш ұйымындағы төрағаның кезектен тыс сайлауы Кәсіподақ филиалы Атқару комитетінің шешімімен тағайындалады.

Алқалы сайлау органының немесе Кәсіподақ филиалындағы төрағаның кезектен тыс сайлауы Кәсіподақ филиалы Кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Сайланбалы органдардың кезектен тыстан кейінгі кезекті сайлауы Кәсіподақ Жарғысында, Кәсіподақтың нормативтік және жергілікті актілерінде белгіленген бірыңғай мерзімде өткізіледі.

5.11. Жиналыс/конференция заңсыз, өткізілмеген не қатарынан екі рет жарамсыз деп танылған, тиісінше сайланбалы (алқалы органның, бастауыш ұйым төрағасының) өкілеттік мерзімінің аяқталуына және шешім қабылдау үшін жиналыс/конференция өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Кәсіподақтың Орталық еңесінің Атқару комитеті өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Мұндай жағдайда Кәсіподақтың бастауыш ұйымның төрағасымен жасалған еңбек шартының қолданылуы сайланбалы органдардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған кезден бастап тоқтатылады (бұзылады).

5.12. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдардың, Кәсіподақ филиалдарының, жергілікті Кәсіподақтардың және Кәсіподақтың сайланбалы органдарының қызметі осы Жарғымен және олар туралы Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекіткен ережелермен, сондай-ақ Кәсіподақтың өзге де жергілікті актілерімен реттеледі. Жергілікті Кәсіподақтардың қызметі сондай-ақ жергілікті Кәсіподақтың Жарғысымен де реттеледі.

5.13. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы

5.13.1. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Кәсіподақ филиалдарында аумақтық (өңір бойынша) немесе өндірістік белгісі бойынша кәсіптік қызмет көрсетуде болады.

Кәсіподақтың аумақтық өндірістік филиалы болмаған жағдайда Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Кәсіподақтың Орталық аппаратына кәсіптік қызмет көрсетуге қабылданады.

5.13.2. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы: Кәсіподақтың, Жергілікті кәсіподақтың есепке алу құжаттарының негізінде белгіленген үлгідегі мөр, бланкілер мен мөртабаны болуға құқылы.

5.13.3. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының аумақтық бөлінуі жағдайында тиісті филиалдың шешімі бойынша Кәсіподақ комитеттері төрағаларының кеңестері құрылуы мүмкін.

5.13.4. Бастауыш ұйымда ағымдағы жұмысты жүргізу үшін:

– Кәсіподақтың 30-дан аз мүшесін біріктіретін ұйымда - кәсіби ұйымдастырушы, топ активі;

- Кәсіподақтың 30 және одан да көп мүшелерін біріктіретін ұйымда төраға басқаратын кәсіподақ комитеті (Кәском), цех комитеті (цехком) сайланады.

5.13.5. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы құрылтай жиналысында ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары мен меншік нысандарына қарамастан, теміржол саласының бір кәсіпорнының (мекемесінің, ұйымының) кемінде үш адамы не қызметкерлері болған кезде құрылады.

Құрылтай жиналысының өткізілетін күні мен орны туралы шешімді Кәсіподақтың тиісті филиалы, ол болмаған кезде - бастауыш ұйымды құруға ниет білдірген қызметкерлерден өтініш берілетін Кәсіподақтың Атқару комитеті қабылдайды.

Құрылғаннан кейін Кәсіподақтың бастауыш ұйымын Кәсіподақтың тиісті филиалы кәсіби қызметке қабылдайды.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы жұмыс берушінің құрылымдық бөлімшесінен аумақтық қашықтығы жағдайында және Кәсіподақтың басқа филиалының аумағында орналасқан Кәсіподақтың басқа филиалында кәсіптік

қызмет көрсетуге құқылы.

5.14. Бастауыш ұйымның жоғары органы

5.14.1. Бастауыш ұйымның жоғары органы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілетін жиналыс (конференция) болып табылады.

Есептік-сайлау жиналысы (конференция) Жарғының 8.1-тармағына сәйкес 5 (бес) жылда 1 рет өткізіледі.

Кәсіподақ мүшелері жиналыстың (конференцияның) өткізілетін күні, күн тәртібі және орны туралы белгіленген мерзімнен кемінде екі апта бұрын хабардар етіледі.

Жиналыс өткізілетін күн мен уақыт жиналысқа осы кәсіпорынның/ұйымның бастауыш ұйымында есепте тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50% қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

Жиналыс кәсіпорынның/ұйымның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс.

Жиналыс, егер оның жұмысына осы кәсіпорынның/ұйымның бастауыш ұйымында есепте тұрған Кәсіподақ мүшелерінің кемінде 50% қатысса, заңды болып саналады.

Конференция, егер оның жұмысына сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

Кезектен тыс жиналысты (конференцияны) кәсіподақ комитеті (кәсіподақ ұйымдастырушысы) өз бастамасы бойынша, Кәсіподақ мүшелерінің үштен бірінің бастамасы бойынша немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының ұсынысы бойынша шақырады. Кәсіподақ мүшелері кезектен тыс жиналыстың (конференцияның) өткізілетін күні, күн тәртібі және орны туралы оны өткізуден кемінде бір апта бұрын хабардар етіледі.

5.14.2. Жиналыс (конференция) Кәсіподақтың бастауыш ұйымының қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

Есеп беру-сайдау жиналысының (конференцияның) айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымы қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының есептік (бес жылдық) кезеңдегі кәсіби органның жұмысы туралы есебін тыңдау;
- ревизиялық комиссияның есептік (бес жылдық) кезеңдегі Кәсіподақ бастауыш ұйымының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін тыңдау;
- Кәсіподақ бастауыш ұйымының (кәсіби ұйымдастырушының) төрағасын сайлау;
- кәсіподақ органын сайлау
- ревизиялық комиссияны сайлау;
- келісім комиссиясының мүшелерін сайлау;
- бастауыш ұйым төрағасының мәртебесін (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) айқындау;
- бастауыш ұйым төрағасының (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) жалақысының мөлшерін айқындау;
- ұжымдық шартты және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды орындау туралы жұмыс берушіні тыңдау;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен

мүдделерін қорғау үшін акциялар өткізу туралы шешім қабылдау;

- Кәсіподақ бастауыш ұйымының кәсіподақ бюджетін бекіту және оның орындалуын бақылау;
- Кәсіподақтың құрамына оның құрылымдық бөлімшесі ретінде кіру немесе Кәсіподақтан шығу туралы шешім қабылдау.

5.14.3. Кезекті жиналыстың (конференцияның) құзыретіне мыналар жатады:

- Кәсіподақ бастауыш ұйымы төрағасының есептік кезеңдегі кәсіби органның жұмысы туралы есебін тыңдау;
- ревизиялық комиссияның есептік кезеңдегі Кәсіподақ бастауыш ұйымының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін тыңдау;
- бастауыш ұйым төрағасының мәртебесін (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) айқындау;
- бастауыш ұйым төрағасының (негізгі жұмыстан босатылған; негізгі жұмыстан босатылмаған) жалақысының мөлшерін айқындау;
- ұжымдық шартты және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды орындау туралы жұмыс берушіні тыңдау;
- бастауыш кәсіподақ ұйымы, жиналыс/конференция құзыретіне кіретін сайланбалы органдар қызметінің басқа да мәселелері.

5.15. Кәском (цехком)

5.15.1. Кәскомның (цехкомның) отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Кәском (цехком) тек тікелей жиналыстың (конференцияның) қарауындағы мәселелерден басқа бастауыш ұйым қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы және өз қызметінде жиналысқа (конференцияға) және кәсіподақтың жоғары тұрған органдарына есеп береді.

5.15.2. Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінде кәсіподақ топтары, цехтік кәсіби ұйымдар құрылуы мүмкін, оларға өз бөлімшесінің шеңберіндегі ағымдық мәселелерді шешу үшін бастауыш ұйымының құқығы берілуі мүмкін.

5.16. Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының сайланбалы органдарының шешімдерін жоғары тұрған алқалы кәсіподақ органы:

- Кәсіподақтың жарғысы немесе басқа да нормативтік, жергілікті актілерін;
- Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы органдарының шешімдерін орындамаған немесе бұзған жағдайларда жоюы мүмкін.

5.17. Кәсіподақ бастауыш ұйымының (кәскомның (цехкомның) төрағасы)

5.17.1. Кәскомның (цехкомның) төрағасы бастауыш ұйымның өкілетті өкілі болып табылады және:

- кәсіподақ комитеті мен кәсіподақ жиналысының (конференциясының) құзыретіне жатпайтын жедел мәселелерді шешуге;
- ағымдағы мәселелерді пысықтау және кәском мен жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін дайындау үшін уақытша комиссиялар, жұмыс топтарын құру, сарапшыларды, мамандарды, кәсіподақ белсенділерін кәском жұмысына тарту;
- кәскомның (цехкомның) отырыстарын шақыру және жүргізу, қабылданған

шешімдер мен отырыстардың хаттамаларына қол қою;

- кәсқомның (цехқомның) штаттық қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасау;

- Кәсіподақтың, Жергілікті кәсіподақтың сенімхаты бойынша ұжымдық шартқа қол қою;

- бекітілген сметаға сәйкес ақшалай операцияларды жүзеге асыру, шарттарды келісу;

- сайланбалы активті оқытуды ұйымдастыру;

- Кәсіподаққа мүшелік жарналарды уақтылы, толық көлемде аударуға жауапты болуға құқылы.

5.17.2. Кәсіподақтың бастауыш (цехтық) ұйымының төрағасы үшін қашықтықтан жұмыс істеу нысаны, яғни жұмыс берушінің орналасқан жерінен тыс жерде еңбек процесін орындау төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген, төтенше жағдай жарияланған кезеңде не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының шешімі бойынша өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде ғана, сондай-ақ қызметкердің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін басқа да ерекше жағдайларда қолданылады.

Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде жұмыс уақытының тіркелген есебі, жұмыс берушінің қызметкерді жабдықтармен, байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету міндеті және басқа да бірқатар нормалар белгіленеді.

Қашықтықтан жұмыс істеу кезінде, егер еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің немесе Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы органының актісінде өзгеше көзделмесе, іссапар еңбек міндеттерін нақты орындау орнынан жүзеге асырылатын кезде қызметкерді іссапарға жіберу мәселесі бойынша еңбек заңнамасының талаптары сақталуы тиіс.

Қашықтықтан жұмысты жүзеге асыру қолданыстағы еңбек шартына қосымша келісім жасай отырып, еңбек шартына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін басталады.

Қосымша келісімде міндетті түрде қамтылуға тиіс:

- 1) қашықтықтан жұмыс істеуді уақытша белгілеудің негізі;

- 2) қашықтықтан жұмыс істеуді уақытша белгілеу үшін негіз болған жағдай жойылған күннен аспайтын қашықтықтан жұмыс істеу мерзімі.

5.17.3. Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасымен еңбек шартын сенімхат бойынша Кәсіподақ филиалының төрағасы жасайды.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасымен (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) еңбек шартын сенімхат бойынша, жұмысты орындау уақытына, яғни сайланбалы органның өкілеттік мерзіміне филиал төрағасы жасасады және Кәсіподақ Жарғысының 8.1-тармағында белгіленген бірыңғай мерзімде аяқталады.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы Кәсіподақтың орталық аппаратында кәсіптік қызмет көрсеткен жағдайда, төрағамен (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) еңбек шартын Кәсіподақ төрағасы жасайды.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасымен (негізгі жұмыстан босатылған/негізгі жұмыстан босатылмаған) еңбек шарты есептік-сайлау

жиналысы (конференциясы) өткізілгеннен кейін оны осы лауазымға сайлаған күннен бастап жасалады.

5.17.4. Төрағаның өкілеттік мерзімі алқалы сайлау органының өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде тоқтатылады.

5.17.5. Кәсіподақтағы есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы қызметіне сайланған кезде еңбек шарты алқалы сайлау органының өкілеттіктерін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Жарғының 8.1-тармағына сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

5.17.6. Кәсіподақтың бастауыш ұйымы төрағасының өкілеттігі аяқталғаннан кейін олардың істерді тапсыруы екі аптадан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

5.18. Кәсіподақтың филиалы

5.18.1. Кәсіподақтың филиалы Кәсіподақ Орталық Кеңесінің шешімімен құрылады және өзі туралы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

5.18.2. Кәсіподақ филиалының банктерде есеп шоттар ашуға, белгіленген үлгідегі мөрі, бланктері, мөртабандары болуына құқылы.

5.19. Кәсіподақ филиалының конференциясы

5.19.1. Кәсіподақ филиалының ең жоғары органы конференция болып табылады, ол кем дегенде бес жылда бір рет шақырылады.

Конференцияның шақырылуы, күні, күн тәртібінің жобасы ол өткізілгенге дейін екі аптадан кешіктірілмей жарияланады.

Кезектен тыс конференция Кәсіподақ филиалының сайланбалы органының бастамасы бойынша, Кәсіподақ филиалының кәсіптік қызметінде тұрған Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының кемінде үштен бірінің талабы бойынша немесе Кәсіподақ Атқару комитетінің ұсынысы/талабы бойынша шақырылады.

Өткізілетін күні, орны және күн тәртібі ол өткізілгенге дейін бір аптадан кешіктірілмей хабарланады.

5.19.2. Кәсіподақ филиалының конференциясы:

- Кәсіподақ филиалы Кеңесінің есептік/бес жылдық кезеңдегі қызметі туралы есептерін тыңдайды;
- ревизиялық комиссияның есептік/бес жылдық кезеңдегі қызметі туралы есептерін тыңдайды;
- филиалдың қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды;
- Кәсіподақ филиалының төрағасын сайлайды;
- ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлайды;
- Кәсіподақ филиалы Кеңесінің мүшелерін сайлайды немесе өкілеттіктерін растайды;
- Кәсіподақ филиалының қызметіне қатысты кез келген басқа мәселелерді шешеді.

5.20. Филиалдың Кеңесі

5.20.1. Конференциялар арасындағы кезеңде Кәсіподақ филиалының басқарушы органы Кәсіподақ филиалының төрағасы басқаратын Кеңес болып табылады. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

5.20.2. Кеңес өзінің жұмысын Кәсіподақтың алдында тұрған мақсаттар мен

тапсырмаларды есепке ала отырып, ұйымдастырады, сондай-ақ:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдардың қызметін үйлестіреді;
- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына практикалық көмек көрсетеді;
- олардың мүдделерін тиісті мемлекеттік, сот органдарында және жұмыс берушілердің алдында білдіреді;
- жұмыс берушілермен немесе оның өкілетті тұлғаларымен келісімдердің негізгі ережелерін анықтайды;
- қажет болған жағдайда Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының Кеңесі құрамына өкілеттігін табыстаған Кеңес мүшелерінің өкілеттігін растайды;
- Кәсіподақ филиалының төрағасының өкілеттігін мерзімінен тыс тоқтатқан жағдайда оны сайлауды өткізеді;
- Кәсіподақ филиалы төрағасының орынбасарын (ларын) және Атқару комитетін (Атком) сайлайды;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің Атқару комитетіне Кәсіподақ филиалының аппараты бюджетінің және штаттық кестесінің жобасын бекітуге шығарады;
- келісім комиссиясының мүшелерін сайлайды;
- Кәсіподақ филиалының жарғылық қызметіне байланысты басқа да мәселелерді шешеді;
- өз қызметінде Кәсіподақ филиалының конференциясына және Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне есеп береді.

5.21. Кәсіподақ филиалының Атқару комитеті

5.21.1. Ағымдағы жұмысты ұйымдастыру үшін Атқару комитеті (Атком) сайланады, оның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

- Кәсіподақтың басшы органдарының, конференциялар мен Кәсіподақ филиалы Кеңесінің шешімдерін, өз шешімдерін іске асыру бойынша нақты іс-қимылдарды жүзеге асырады және олардың орындалуын бақылайды;
- мемлекеттік органдармен және жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізу үшін өзінің өкілдерін береді;
- Кәсіподақтың Жарғысын сақтау және жоғары тұрған органдарының шешімдерін орындау бойынша кәсіби қызмет көрсететін сайланбалы органдардың қызметін үйлестіреді;
- бастауыш ұйымдардың кәсіподақ қаражатын мақсатты пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;
- Кәсіподақтың Жарғысы мен Кәсіподақтың алқалы органдары қабылдаған/бекіткен шешімдерге, Кәсіподақтың нормативтік және жергілікті актілеріне қайшы келетін бастауыш ұйымдар мен кәсіподақтардың қаулыларын/шешімдерін жояды, Кәсіподақ мүшелерін осындай шешімдердің мәні бойынша хабардар етеді;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Кәсіподақ Жарғысын және кәсіби органдардың шешімдерін орындамағаны үшін бастауыш ұйым (цех комитеті) төрағасының дербес жауапкершілігі туралы, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, бастауыш ұйымның сайланбалы органдарының барлық құрамының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қарайды;
- кәсіподақ мамандары мен активтерін оқыту ісін ұйымдастырады және

жүргізеді, жұмыс тәжірибесін зерделейді және таратады;

- Кәсіподақ филиалына пайдалануға берілген Кәсіподақтың мүлкі мен ақшалай қаражатына билік етеді;
- жұмыс берушілермен немесе олардың өкілетті тұлғаларымен келісімдердің негізгі ережелерін айқындайды;
- өз жұмысында конференцияға, филиал Кеңесіне және Кәсіподақтың Атқару комитетіне есеп береді;
- конференцияның тікелей жүргізуіне қатысты шешімдерді қоспағанда, филиал қызметінің барлық басқа мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

5.22. Кәсіподақ филиалының төрағасы

5.22.1. Кәсіподақ филиалы төрағасының құзыреті:

- Кәсіподақтың сенімхаты негізінде әрекет етеді, материалдық жауапты тұлға болып табылады;
- Кәсіподақ филиалының қызметіне басшылық жасайды, Кәсіподақ филиалы Кеңесінің және Атқару комитетінің құзыретіне жатпайтын жедел мәселелерді жеке дара шешеді;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіподақ филиалы аппаратының штаттық қызметкерлерінің және бастауыш ұйымдар төрағаларының жұмысына басшылық жасайды, олармен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;
- сенімхат бойынша жұмыс берушілермен және олардың бірлестіктерімен, мемлекеттік басқару органдарымен, кәсіподақ бірлестіктерімен және өзге де ұйымдармен келісімге қол қояды;
- Кәсіподақ филиалының Кеңесі мен Атқару комитеті және Кәсіподақтың жоғары тұрған органдары айқындаған өкілеттіктер шегінде қаржылық қызметті, ақшалай операцияларды жүзеге асырады;
- заңнамаға сәйкес жарғылық міндеттерін орындауға жауапкершілік алады;
- лауазымы бойынша филиалдың Кеңесі мен Атқару комитетін басқарады;
- оған Кәсіподақ филиалының Кеңесі мен Атқару Комитеті, сондай-ақ Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен Атқару комитеті жүктеген басқа да функцияларды орындайды.

5.22.2. Кәсіподақ филиалы төрағасының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

Кәсіподақ филиалының төрағасымен еңбек шартын Кәсіподақ төрағасы жұмысты орындау уақытына, яғни сайланбалы органның өкілеттік мерзіміне және еңбек шартының қолданылу мерзіміне Кәсіподақтың Жарғысында белгіленген бірыңғай мерзімде Кәсіподақтың сайланбалы органдарының өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты аяқталады.

Кәсіподақ филиалының Кеңесі Кәсіподақтағы есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақ филиалының төрағасы лауазымына сайлаған кезде (филиалдың бұрынғы төрағасы өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде) еңбек шарты сайланбалы органның өкілеттіктерін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Жарғының 8.1-тармағына сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

5.23. Жергілікті кәсіподақтар

5.23.1. Жергілікті кәсіподақтар заңды тұлға ретіндегі өзінің дербестігі мен құқықтарын сақтайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына және өз Жарғыларына сәйкес іс-қимыл жасайды.

- кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқығы мен мүдделерін қолданыстағы заңнамалардың, салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың негізінде қорғайды, кәсіподақтардың ұйымдастырушылық-қаржылық, кадрлық нығайту жөніндегі жұмысын мақсатты жүзеге асырады;
- құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылын үйлестіру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, олардың кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі қызметін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жергілікті кәсіподақтардың Жарғылары Кәсіподақ Жарғысы белгілеген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі тиіс.

5.23.2. Жергілікті кәсіподақтардың құрылымдық кәсіптік ұйымдары Кәсіподақтың құрылымдық филиалдарымен өзара ынтымақтастық жасауы тиіс.

5.23.3. Жергілікті кәсіподақтың Кәсіподақ құрамына кіруі жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіподақ құрамына енгісі келетін Жергілікті кәсіподақ жазбаша өтініштерін:

- сайланбалы органның шешімі, құрылтай құжаттары (кәсіподақ жарғысы, тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және т.б.);
- Жергілікті кәсіподақтың саны туралы статистикалық деректерді;
- сайланбалы органның орналасқан жерін;
- Кәсіподақ Жарғысын қабылдау жөніндегі міндеттерін қосымша берумен жазбаша өтініш береді.

Жергілікті кәсіподақ Кәсіподақ құрамына енген кезден бастап Жарғыға сәйкес мүшелік жарналар төлейді.

5.23.4. Кәсіподаққа мүшелік мына жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- Жергілікті кәсіподақтың өкілетті органының Кәсіподақтан шығу туралы шешімі бойынша;
- Жергілікті кәсіподақ таратылған, қайта құрылған жағдайда;
- Жергілікті кәсіподақты Кәсіподақ құрамынан шығаруға байланысты.

Жергілікті кәсіподақ Орталық Кеңестің тиісті қаулысы қабылдағаннан кейін Кәсіподақтан шыққан деп саналады.

Осындай шешім қабылданғанға дейін Жергілікті кәсіподақ осы Жарғыға сәйкес өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды жалғастыра береді.

Өз қызметін тоқтату (тарату) туралы шешім қабылдаған Жергілікті кәсіподақ бұл жайында Кәсіподақтың Орталық Кеңесін хабардар еткен сәттен бастап өзінің мүшелігін тоқтатқан болып есептеледі.

Кәсіподақтың Жарғылық талаптарын сақтамайтын, оның жоғары және басшы ұйымдарының шешімдерін орындаудан жүйелі түрде жалтаратын, Кәсіподақтың және оған кіретін мүше ұйымдардың мүдделері мен мақсаттарына нұқсан келтіретін, сондай-ақ белгіленген мөлшердегі мүшелік жарнаны дәлелсіз себеппен аудармайтын Жергілікті кәсіподақтардың Кәсіподақ қызметіне қатысуы туралы мәселені Орталық Кеңес шешеді.

Жергілікті кәсіподақтар басшысы және Жергілікті кәсіподақтан жіберілген Орталық Кеңестің басқа мүшелері Кәсіподақтың Жарғысын бұзғаны және алты ай бойына белгіленген тәртіпте мүшелік жарнаны төлемегені үшін

Орталық кеңесте дауыс беру құқығынан айырылуы немесе Орталық Кеңестің құрамынан шығарылуы мүмкін.

Егер Жергілікті кәсіподақ белгіленген мерзім ішінде көрсетілген кемшіліктерді жоймаған және қарыздарды өтемеген жағдайларда, оның Кәсіподақ қызметіне қатысуы туралы мәселені Орталық Кеңес шешеді.

Жергілікті кәсіподақ Жарғыны бұзылушылықтарын жойған жағдайда Кәсіподақтың Атқару комитеті олардың Орталық Кеңесте немесе Кәсіподақ құрамында қалу құқықтарын қалпына келтіру мәселесін Орталық Кеңеспен бекітілуін қарайды.

Жергілікті кәсіподақты көрсетілген негіздерде Кәсіподақтан шығару туралы шешімді Орталық Кеңес қабылдайды және кворум болған жағдайда, отырысқа қатысып отырған Орталық Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады.

Жергілікті кәсіподақ мүшелігін тоқтатқан мүше ұйымдардың Кәсіподақ меншігіне, сондай-ақ төлеген мүшелік жарналарына және оларға Кәсіподақ берген мүлікке құқықтары болмайды.

5.23.5. Жергілікті кәсіподақ:

- Кәсіподақ ұйымдарында өз ұйымдары және кәсіподақ мүшелері атынан өкілдік етуге, өз өкілдерін осы ұйымдарға жіберуге және сайлауға, оларды кері шақырып алуға және ауыстыруға;
- қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарына қатысты заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына Кәсіподақ ұсыныстарын әзірлеуге қатысуға;
- Салалық келісім жасау және бекіту жөніндегі Кәсіподақтың қызметіне ұсыныстар енгізуге және қатысуға;
- Кәсіподақ ұйымдарына кәсіподақ қызметінің жарғылық мәселелері бойынша жүгінуге және тиісті ақпараттар, консультациялар мен көмек алуға, мемлекеттік ұйымдарда өз құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғауға;
- шетелдік және халықаралық кәсіподақ бірлестіктерімен, Теміржолшылар мен көлік құрылысшылары кәсіподақтарының халықаралық конфедерациясымен, Халықаралық Еңбек ұйымымен байланыстарды жүзеге асыруда Кәсіподақтың жәрдемін алуға;
- түрлі бағдарламалар әзірлеуге және Кәсіподақ қорларын құруға қатысуға;
- Кәсіподақ съездерінің, конференциялары мен сайланбалы ұйымдарының қарауына жобалық құжаттарды енгізуге;
- Кәсіподақтың мүмкіндіктерін кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту, ақпарат алу және тарату үшін пайдалануға;
- бекітілген Ережеге сәйкес Кәсіподақ нышандарын қолдануға құқығы бар.

5.23.6. Жергілікті кәсіподақ:

- Кәсіподақтың Жарғысын, ішкі кәсіподақ тәртібін сақтауға, Кәсіподақ ұйымдарының шешімдерін орындауға және олардың орындалуына жауапты болуға;
- Кәсіподақтың қызметіне қолдау көрсетуге және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға белсене қатысуға, Кәсіподаққа мүше ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда ынтымақтастық танытуға;

- Кәсіподаққа мүшелік жарналарды белгіленген тәртіпте, мерзімінде және мөлшерде төлеуге;
- кәсіподақ мүшелігін өзара мойындауға;
- Кәсіподақтың, басқа мүше ұйымдарының қызметіне зиян келтіретін және кәсіподақ ұйымдарының Кәсіподақтан оқшуалануына әкелетін кез келген шараға бармауға;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, жергілікті кәсіподақтардың бір кәсіподақтан басқа кәсіподаққа алдын-ала өзара келіспей өтуіне жол бермеуге;
- Кәсіподақты өз Жарғыларындағы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар және басшы кадрлар құрамындағы өзгерістер туралы өзгерістер енгізілгеннен кейінгі жеті жұмыс күні ішінде хабардар етуге;
- кәсіподақ мүшелерінің саны, Кәсіподаққа мүшелік және өзге жарналарды есептеу мен төлеуге байланысты қаржылық есеп туралы статистикалық мәліметтерді, басқа да ақпаратты Кәсіподақ ұйымдары белгілеген көлем мен тәртіпте Кәсіподаққа ұсынуға;
- Кәсіподақты Қазақстан Республикасының Парламенті мен жергілікті өкілді органдар депутаттарын сайлауға қатысу, саяси партиялармен және қозғалыстармен шарттар мен келісімдер жасасу, халықаралық кәсіподақ бірлестіктеріне кіру және одан шығу туралы хабардар етуге;
- кәсіподақ кадрларын іріктеу, орналастыру мен оқыту, олардың кадр резервін жасақтау жөнінде Кәсіподақпен бірыңғай кадрлық саясат, консультациялар жүргізуге;
- Кәсіподақ ұйымдары ұсынған мәселелерді алқалық ұйымдарда қарауға;
- Салалық келісімнің жасалуына және орындалуына жәрдемдесуге;
- кәсіподақтардың ұжымдық іс-қимылдарын Кәсіподақтың ұйымдастыруы мен жүргізуіне ынтымақтастық танытуға және оған қатысуға;
- Кәсіподаққа және оған кіретін мүше ұйымдардың мүдделеріне қысым жасайтын іс-қимылдарға жол бермеуге;
- өз қызметі туралы Кәсіподаққа мағлұмат беруге міндетті.

Осы міндеттер орындалмаған жағдайда Кәсіподақтың Атқару комитетінің мүше ұйымға тиісті ұсыныс енгізуге құқығы бар.

Мүше ұйымның сайланбалы органы ұсынысты қарап, бір ай мерзімде Кәсіподақтың Атқару комитетіне хабарлауға міндетті.

VI. Кәсіподақтың және Жергілікті кәсіподақтардың өзара әрекеттесуі

6.1. Кәсіподақ пен Жергілікті кәсіподақтар осы Жарғы шеңберінде өздерінің практикалық қызметінде тығыз өзара іс-қимыл жасайды:

- кәсіподақ кадрларын іріктеу және оқыту, олардың резервін қалыптастыру бойынша бірлескен жұмыс жүргізеді;
- Кәсіподақ съездеріне, конференцияларына, сайланбалы органдарына сайлау үшін кандидатураларды өзара келіседі;
- Кәсіподақ құрамына кіретін кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына, жергілікті кәсіподақтарға ұжымдық келіссөздер жүргізуде, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасауда; туындаған еңбек дауларын шешуде жәрдем көрсетеді;

- кәсіподақтың бастауыш ұйымдарына тәжірибелік, ұйымдастырушылық, әдістемелік, құқықтық және қаржылық көмек көрсетеді;
- тиісті аумақта бірыңғай заңгерлік кеңестерін, кәсіподақтар инспекцияларын құруға шаралар қабылдайды, ынтымақтастық, жұмыссыздарға көмек қорларын құруға жәрдемдеседі;
- кәсіподақтардың бастауыш ұйымдарын құруға, кәсіподақ ықпалын нығайтуға және сала мен өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асыруға, Кәсіподақ ұйымдарының шешімдерін, басқа да жалпы кәсіподақтық іс-шараларды орындауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады;
- кәсіби одақтардың және кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда бірлескен акциялар өткізеді.

VII. Кәсіподақтың басқару органдары

7.1. Кәсіподақтың жоғарғы органы.

- Кәсіподақтың съезі

Кәсіподақтың басқару органдары:

- Орталық Кәсіподақ кеңесі
- Кәсіподақтың Атқару комитеті

Кәсіподақтың атқарушы органы:

- Кәсіподақ Төрағасы.

7.2. Кәсіподақ Съезі

7.2.1. Съезді Орталық Кеңес кем дегенде бес жылда бір рет шақырады.

Съезді өткізу күні мен орнын, күн тәртібін, өкілдік ету нормасын, съезд делегаттарын сайлау тәртібін Орталық Кеңес съезд жұмысын бастағанға дейін бір айдан кешіктірмей белгілейді.

Кезектен тыс Съезі:

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімі бойынша
- Кәсіподаққа кіретін бастауыш ұйымдар мен Жергілікті кәсіподақтардың кемінде 1/3 мүшесінің талабы бойынша шақырылады.

Съезді шақыру күні, өткізу орны, күн тәртібі туралы оның өткізілу уақытына дейін екі аптадан кешіктірілмей жарияланады.

7.2.2. Кәсіподақ Съезі

Съездің айрықша құзыретіне мыналар кіреді:

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің және Бақылау-ревизиялық комиссиясының есептік/бес жылдық кезеңдегі қызметі туралы есептерін тыңдайды және талқылайды, олардың жұмысына баға береді;
- Кәсіподақ қызметтерінің бағдарламасын және кезекті міндеттерін белгілейді;
- Кәсіподақтың Жарғысын қабылдайды, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

Съездер аралықтарында Жарғыға ішінара өзгерістер мен толықтыруларды, оларды кейіннен съезде бекітумен, Кәсіподақтың Орталық Кеңесі енгізеді мүмкін;

- Кәсіподақты ерікті түрде қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды;
- Кәсіподақтың компетенциясын, ұйымдық құрамын қалыптастыру тәртібін

және сайланбалы органдардың өкілеттілігінің тоқтатылуын анықтайды;

- қаржылық есеп беру тәртібін және мезгілін, сонымен қатар бақылау-ревизиялық комиссиясының жүргізу тәртібін және олардың нәтижесін бекітеді;
- белгіленген заңнамалық актілердің шегінде Кәсіподақтың басқа да заңды тұлғаларды құру, олардың немесе өзінің құрамдық бөлімшелерінің жұмысына қатысу туралы шешім қабылдайды;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің мүшелерін сайлайды немесе Кеңес тікелей өкілеттеу қағидаты бойынша құрылған жағдайда, олардың өкілеттілігін растайды;
- Кәсіподақ төрағасын және Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссияның мүшелерін сайлайды;
- Кәсіподақтың қызметін тоқтату туралы шешімді қабылдайды;
- Кәсіподақтың қызметіне байланысты кез-келген басқа шешімдерді қабылдайды.

7.3. Кәсіподақтың Орталық Кеңесі

7.3.1. Съездер аралықтарында Кәсіподақ төрағасы басқаратын Орталық Кеңес Кәсіподақтың басшы органы болып табылады.

Орталық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына ең кемі бір рет өткізіледі және оның құрамына сайланған мүшелердің жартысынан астамы қатысқан жағдайда оның шешімі құқылы деп саналады.

7.3.2. Кәсіподақтың Орталық кеңесі:

- съезд шешімдерінің және Кәсіподақтың жарғылық міндеттерінің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;
- мемлекеттік, сот, шаруашылық органдар мен қоғамдық ұйымдарда Кәсіподақтың құқықтары мен мүдделерін ұсынады және қорғайды;
- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді, оларға ұйымдастырушылық, әдістемелік, конрсультативтік және құқықтық көмек көрсетеді;
- филиалыдың аумақтық шекараларын және Кәсіподақ филиалына кәсіптік қызмет көрсетуге кіретін Кәсіподақ бастауыш ұйымдарының тізбесін айқындайды;
- өз өкілдерін кәсіподақтар бірлестіктерінің құрамына сайлайды немесе өкілеттік береді;
- Кәсіподақ құрылтайшыларының (қатысушыларының) құрамын өзгертеді;
- Кәсіподақ төрағасының орынбасары (орынбасарлары) сайлауын өткізеді;
- Кәсіподақ орталық аппаратының кірістері мен шығыстарының сметасын бекітеді;
- Кәсіподақта есептер мен сайлау өткізу мерзімдері мен тәртібі туралы шешімдер қабылдайды;
- Кәсіподақтың нормативтік, жергілікті актілерін, Кәсіподақта есептік-сайлау науқанын өткізуді реттейтін актілерді бекітеді;
- съезд алдында өз қызметі туралы есеп береді;
- Кәсіподақ басшылары мен оның құрылымдық бөлімшелерінің Кәсіподақ Жарғысы мен қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есептерін тыңдайды;
- Кәсіподақтың Атқару комитетін (Атком) сайлайды;

- олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Кәсіподақ төрағасының, Кәсіподақ төрағасы орынбасарының (орынбасарларының) сайлауын өткізеді;
- Кәсіподақтың Бақылау-ревизиялық комиссиясы туралы ережені, Кәсіподақтың филиалы туралы ережені, Кәсіподақтың бастауыш ұйымы туралы ережені, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;
- Кәсіподақтың есеп-қаржы саясатын бекітеді
- Кәсіподақта есеп беру-сайлау науқанын өткізу мерзімдері туралы шешім қабылдайды;
- оған съезд жүктеген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

7.4. Кәсіподақ Орталық Кеңесінің өкілдік мерзімі - бес жыл.

7.5. Кәсіподақтың Атқару комитеті

7.5.1. Оперативтік және ағымдық жұмысты жүргізу үшін Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Атқару комитетін (Кәсіподақтың Атқару комитеті) сайлайды, оның құрамына лауазымы бойынша Кәсіподақ Төрағасы, оның орынбасары (орынбасарлары) кіреді.

Атқару комитетінің отырысы қажеттілікке қарай, бірақ жылына ең кемі төрт рет өткізіледі және Атқару комитетінің құрамына сайланған мүшелердің жартысынан астамы оның жұмысына қатысқан жағдайда құқылы деп саналады.

7.5.2. Кәсіподақтың Атқару комитеті:

- Кәсіподақ Орталық Кеңесінің отырыстарын шақырады, оның күн тәртібін, өткізілетін күні мен орнын айқындайды
- Кәсіподақ съезінің және ОК шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- Кәсіподақ мамандары мен активтерін оқыту бойынша жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді, кәсіподақ қызметінің тәжірибесін жинақтайды және таратады
- Кәсіподақ ОК орталық аппаратының құрылымы мен штаттық кестесін, санын бекітеді, Кәсіподақ құрған бөлімшелер мен ұйымдардың басшыларын бекітеді
- Кәсіподақ филиалдарының кірістері мен шығыстарының сметасын бекітеді;
- Кәсіподақ филиалдарының бюджеті мен штаттық кестесін бекітеді;
- Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарына құрылымдық бөлімшелер ұсынатын статистикалық деректердің тізбесін айқындайды;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесі айқындаған өкілеттіктер ауқымында Кәсіподақтың мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді;
- Кәсіподақ мүлкін иелеу, пайдалану және оған билік ету мәселелері бойынша нормативтік сипаттағы шешімдер қабылдайды;
- Кәсіподақ мүшелерінің атынан салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың негізгі ережелерін айқындайды және олардың орындалуын бақылайды;
- Кәсіподақтың жыл сайынғы жиынтық қаржылық есебін қарайды және бекітеді;
- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері басшыларының Кәсіподақ Жарғысының орындалуы және қабылданған шешімдер туралы есептерін тыңдайды;
- комиссиялар мен басқа да тұрақты немесе уақытша жұмыс органдарын құрады, оларға өкілеттік береді;

- еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестациялауды қаржыландыру туралы (қажет болған жағдайда еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарды кезектен тыс аттестациялаудан өткізу туралы) шешім қабылдауға құқылы;
- Кәсіподақтың бастауыш ұйымын құру, қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;
- Кәсіподақ Жарғысын және Кәсіподақтың басқа да нормативтік, жергілікті актілерін бұза отырып қабылданған Кәсіподақ филиалдарының сайланбалы органдарының шешімдерінің күшін жояды/тоқтата тұрады, заңсыз деп таниды;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Атқару комитетінің мүшелерін, Кәсіподақ филиалдарының төрағаларын жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарайды;
- оған Орталық Кеңес жүктеген басқа функцияларды орындайды.

Қажет болған жағдайларда Кәсіподақ Атқару комитетінің шешімдері жазбаша түрде сауалнама жолымен қабылдануы мүмкін.

7.6. Кәсіподақтың Атқару комитетінің өкілдік мерзімі - бес жыл.

7.7. Кәсіподақ Төрағасы

- жарғылық міндеттердің, Кәсіподақ съезінің, Орталық Кеңестің, Атқару комитеті шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- съезге, ал съездер арасындағы өтпелі кезеңде - Орталық Кеңеске есеп береді;
- Кәсіподақ Орталық Кеңесінің, Кәсіподақ Атқару комитетінің жұмысына басшылық етеді;
- мемлекеттік органдарда, жұмыс берушілер бірлестіктерінде, қоғамдық бірлестіктерде, өзге де ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда Кәсіподақты ұсынады;
- қажетті жағдайларда Кәсіподақ атынан мәлімдемелер жасайды, өтініштер мен сауалдар жібереді;
- кейіннен Кәсіподақ Атқару комитетінде бекітумен, кәсіподақ бірлестіктерімен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен, атқарушы органдармен, халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынастар туралы келісімдер жасасады;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесі, Атқару комитеті айқындаған өкілеттіктер шегінде Кәсіподақтың мүлкі мен ақшалай қаражатына билік етеді;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесіне Кәсіподақ төрағасының орынбасары (орынбасарлары) лауазымына сайлау үшін кандидатуралар, сондай-ақ Кәсіподақ Төрағасының орынбасарын (орынбасарлары) қызметінен босату туралы ұсыныс енгізеді;
- кадрлық саясатты жүзеге асырады, қажет болған жағдайда Кәсіподақтың сайланбалы органдарына сайланбалы лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы, тіпті олардың сайланбалы өкілеттіктерін тоқтату жөнінде ұсыныс енгізеді;
- Кәсіподақтың орталық аппаратына басшылықты жүзеге асырады, штаттық қызметкерлермен еңбек шартын жасасады және бұзады, оларды моральдық және материалдық көтермелеу шараларын айқындайды;
- Кәсіподақ атынан өкімдер шығарады, сенімхаттар береді және оларды Кәсіподақ төрағасының орынбасарының (орынбасарлары) беру тәртібін

айқындайды;

- Кәсіподақ Атқару комитетіне құрылатын кәсіпорындардың, ұйымдардың басшыларын тағайындау туралы ұсыныстар енгізеді, олардың функцияларын айқындайды;

- оған Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен Атқару комитеті жүктеген басқа да функцияларды орындайды.

Кәсіподақ төрағасы лауазымы бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты, Кәсіподақ Орталық Кеңесінің және Атқару комитетінің мүшесі болып табылады, олардың отырыстарын жүргізеді.

7.8. Кәсіподақ төрағасының өкілеттілік мерзімі - бес жыл.

Кәсіподақ Төрағасымен еңбек шартын Орталық Кеңестің тапсырмасы бойынша Төрағаның орынбасары жасайды.

Кәсіподақ төрағасы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Кәсіподақтағы есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақтың жаңа төрағасы лауазымына сайлаған кезде еңбек шарты сайланбалы органның өкілеттігін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Жарғының 9.1-тармағына сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

7.9. Съездер арасындағы кезеңде Кәсіподақ төрағасын өз бастамасы бойынша немесе басқа да негіздемелер бойынша, сондай-ақ Жарғыға қарама-қайшы келетін әрекеттері үшін лауазымынан босату туралы шешімді Кәсіподақтың Орталық Кеңесі қабылдайды.

Кәсіподақ төрағасын лауазымынан босату және онымен еңбек шартын бұзу туралы шешім, жаңа Төраға сайлау туралы шешім, егер оған Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мүшелерінің кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады.

7.10. Кәсіподақ Төрағасының орынбасары (орынбасарлары)

7.10.1. Кәсіподақ Төрағасының орынбасары (орынбасарлары) лауазымы бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты болып табылады, Кәсіподақ Орталық Кеңесінің және Кәсіподақ Атқару комитетінің құрамына кіреді, өз қызметін міндеттерді бөлуге сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіподақ төрағасы болмаған кезде оның тапсырмасы бойынша Кәсіподақ төрағасының өкілеттігін жүзеге асырады.

Кәсіподақ төрағасының орынбасары (орынбасарлары) лауазымынан босатылуы мүмкін:

- Кәсіподақ төрағасының ұсынысы бойынша;

- отырысқа қатысатын Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мүшелерінің кемінде үштен екісінің талабы бойынша;

- Кәсіподақ филиалы Кеңесінің отырысына қатысатын Кәсіподақ филиалының Кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша босатылуы мүмкін.

7.10.2. Кәсіподақ төрағасы орынбасарының (ларының) өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Кәсіподақ төрағасының орынбасарымен (ларымен) еңбек шартын Кәсіподақ төрағасы жасайды.

Кәсіподақ төрағасының орынбасары (лары) өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде және Кәсіподақтың Орталық Кеңесі Кәсіподақтағы

есептік-сайлау мерзімі кезеңінде Кәсіподақ төрағасының жаңа орынбасары (лары) лауазымына сайлаған кезде еңбек шарты алқалы сайланған орган ның өкілеттіктерін орындаудың қалған мерзіміне жасалады және Жарғының **9.1-тармағына** сәйкес бірыңғай мерзімде аяқталады.

VIII. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар тәртібі

8.1. Съездер арасындағы кезеңде Кәсіподақ Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды кейіннен съезд бекіте отырып, Кәсіподақтың Орталық Кеңесі енгізеді.

8.2. Кәсіподақ Орталық Кеңесінің шешімі, кворум болған жағдайда, дауыс беруге қатысқан Кәсіподақ Орталық Кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

8.3. Осы Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

IX. Кәсіподақтағы сайлау және кәсіподақ органдарын қалыптастыру

9.1. Кәсіподақ сайлауы төменнен жоғарыға, бір мерзімде өткізіледі. Өкілеттік мерзімдері:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарының кәсіподақ топтары, кәсіподақ ұйымдастырушылары, кәсіподақ органдары үшін - бес жыл;
- Кәсіподақтың, филиалдардың және жергілікті Кәсіподақтардың басшы (сайланбалы) органдары үшін - бес жыл.

Сайланбалы орган мүшесінің Кәсіподақтағы есептік-сайлау науқаны аралығында басталған өкілеттіктері бірыңғай мерзімде - сайланбалы орган өкілеттіктерінің аяқталу мерзімінде жүзеге асырылады және аяқталады.

9.2. Кәсіподақта есептік-сайлау науқанының өтуі және өткізу мерзімдері туралы шешімді Орталық Кеңес қабылдайды.

9.3. Өкілдік нормасын, съезге, конференцияға делегаттарды сайлау тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу күні мен орнын тиісті кәсіподақ органы белгілейді.

Кәсіподақ бастауыш ұйымның, Кәсіподақ филиалдары төрағалары, олардың орынбасарлары, ревизиялық комиссияларының төрағалары лауазымы бойынша кәсіби органның мүшелері және тиісті ұйымдар конференцияларының делегаттары болып танылады.

9.4. Жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі кәсіподақтың сайланбалы органдарында тұра алмайды.

9.5. Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен Кәсіподақ филиалдарының Кеңестері тиісті сайланған орган белгілеген квота бойынша съезде және конференцияда тікелей сайлануы немесе кері қайтарып алу, ауыстыру құқығымен тікелей делегация қағидаты бойынша құрылуы мүмкін.

Кәсіподақ ұйымдарының басшылары мен сайланбалы органдардың мүшелерін сайлаудағы дауыс беру нысанын жиналыс, конференция, съезд айқындайды.

Кәсіподақ төрағасы және Кәсіподақ филиалының лауазымына сайлану үшін үміткерлер Кәсіподақтың сайланбалы органдарында салада жұмыс істейтін кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар, кәсіподақ мүшелері қатарынан ұсынылады.

9.6. Кворум болған жағдайда басқа үміткерлермен салыстырғанда дауысты ең көп алған және жиналысқа қатысушылардың, конференция, съезд делегаттарының, олардың жұмысына қатысқан сайланбалы кәсіподақ органдары мүшелерінің ең көп дауысын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

9.7. Кәсіподақтан шығып кеткен сайланбалы органдардың мүшелері тиісті сайланбалы органның шешімімен олардың құрамынан шығарылады.

9.8. Қажет болған жағдайларда кәсіподақ органдарына мерзімінен бұрын сайлау немесе олардың құрамына:

- Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарында - комитеттердің кеңейтілген отырыстарында (бастауыш ұйым кәсіпорнының әрбір құрылымдық бөлімшесінен Кәсіподақтың 1 мүшесі бойынша)
- филиалдарда – филиалдар кеңестерінің отырыстарында
- Кәсіподақта - Кәсіподақтың Орталық кеңесінің отырысында қайта сайлау өткізілуі мүмкін.

Мерзімінен бұрын сайлау сайланбалы орган мүшелерінің немесе олардың басшыларының өкілеттіктері уақытынан бұрын тоқтатылған кезде немесе Кәсіподақ органы, оның басшысы қанағаттанарлықсыз жұмыс істеп, Кәсіподақ Жарғысын бірнеше рет бұзған жағдайда жоғары тұрған кәсіподақ органының шешімі бойынша өткізіледі.

9.9. Өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді тиісті сайланбалы алқалы орган қабылдайды, хаттамамен ресімделеді және еңбек шартын тоқтату үшін негіз болып табылады.

9.10. Кәсіподақ бастауыш ұйымының төрағасы лауазымына сайланбалы органның өкілеттік мерзімі ішінде сайланған жағдайда, ол осы лауазымда тиісті сайланбалы органның өкілеттік мерзімі (яғни бірыңғай мерзімде өткізілетін Кәсіподақтағы кезекті есептік-сайлау науқаны) өткенге дейін қалады.

Өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім еңбек шартын тоқтату үшін негіз болып табылатын тиісті сайланбалы алқалы органның қаулысымен қабылданады.

Қызметкер Кәсіподақтың бастауыш ұйымының төрағасы лауазымына қайта сайланған жағдайда, қолданыстағы еңбек шартына сайланбалы органның өкілеттіктерін сайлау және орындау мерзіміне (яғни Кәсіподақтағы бірыңғай мерзімде өткізілетін кезекті есептік-сайлау науқаны) қосымша келісім жасалады.

9.11. Кәсіподақта есеп беру-сайлау науқаны Кәсіподақтың Орталық кеңесі бекіткен «Қазақстандық салалық теміржолшылардың кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің кәсіподақ органдарында есеп беру-сайлау науқанын жүргізу жөніндегі нұсқаулық талаптарын қатаң сақтаумен жүргізіледі.

Х. Кәсіподақтың меншігі және қаржылық қызметі

10.1. Кәсіподақ оған белгіленген тәртіппен берілген, кәсіподақ жарғыларының есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған шаруашылық, баспа және басқа қызмет кірістерінен құралған немесе сатып алған мүліктің иесі болып табылады.

Кәсіподақ жарғылық мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін қажетті, өзіне меншік құқығымен тиесілі, Кәсіподақ мүшелері мен құрылымдық ұйымдарының мүддесі үшін пайдалану үшін құрылған немесе сатып алынған мүлікті, оның ішінде ақшалай қаражатты иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді.

Кәсіподақ келесі түрде меншік құқығына ие:

- жарғылық мақсаттарға сәйкес Кәсіподақ қаражаты есебінен құрылатын және сатып алынатын жер учаскелерін, ғимараттарды, құрылымдарды, құрылыстарды, тұрғын үй қорын, көлікті, жабдықтар мен мүкәммалды, баспаларды, баспахананы, мәдени-ағарту, спорттық және өзге де ұйымдарды, сондай-ақ Кәсіподақтың жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақша қаражатын, өзге де мүлікті қамтиды.

10.2. Кәсіподақ мүлкін қалыптастыру көздері:

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастырылатын Кәсіподақ мүлкі;
- мүшелік кәсіподақ жарналары;
- ерікті жарналар мен қайырымдылықтар;
- шаруашылық, кәсіпкерлік және заңнамада тыйым салынбаған өзге де қызметтен түсетін түсімдер (кірістер);
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

Қызметтің кез келген түрінен алынған кірістер жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

Меншік нысанын иелену, пайдалану және оған билік ету, өзгерту тәртібін Кәсіподақтың Атқару комитеті айқындайды.

Кәсіподақ өзіне тиесілі мүлікке қатысты заңнамаға қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жасауға құқылы.

Кәсіподақ мүшелерінің олар Кәсіподаққа тапсырған мүлікке және төлеген мүшелік жарналарына құқығы жоқ.

10.3. Кәсіподақтың филиалдары мен бастауыш ұйымдары оларға Кәсіподақ берген мүлікті пайдаланады.

10.4. Кәсіподақтың ақшалай қаражаты ай сайынғы мүшелік кәсіподақ жарналарынан, ерікті жарналардан, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де түсімдерден құралады.

10.5. Ай сайынғы мүшелік кәсіподақ жарналары:

- еңбекақы төлеу қорына жататын есептеулердің барлық түрлерінен кемінде 1% (бір пайыз);
- штаттың қысқаруына, кәсіпорынның таратылуына және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге байланысты жұмысын уақытша тоқтатқандар үшін мемлекет

белгілеген ең төменгі жалақының 1% (бір пайызы);

- студенттер мен студенттерге арналған шәкіртақы мөлшерінің 1% (бір пайызы) мөлшерінде белгіленеді.

Аударымдар тәртібі ұжымдық шартта немесе әкімшілік пен кәсіподақ ұйымы арасындағы шартта белгіленуі мүмкін.

10.6. Ерікті жарнаның мөлшері белгіленген мүшелік кәсіподақ жарнасынан жоғары бола алмайды.

10.7. Кәсіподақта мүшелік үшін кәсіподақ жарналарын жинау мен бөлудің бірыңғай тәртібі белгіленеді.

Мүшелік кәсіподақ жарналарын Кәсіподақ мүшесінің өтініші бойынша еңбекақы төлеу қорына жататын есептеулердің барлық түрлерінен қолма-қол ақшасыз аударымдар арқылы төленеді және мемлекеттік, сот органдарында, жұмыс берушілер алдында Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, Кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсетуге, Кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қорғауға бағытталған ынтымақтастық қорларын және басқа да қорларды құруға, Кәсіподақ мүшелерін және Кәсіподақ мүшелерінің заңды құқықтарын, ақпараттық және әдістемелік жұмысты, Кәсіподақ мамандары мен активтерін оқыту, сондай ақ басқа да жарғылық мақсаттарды қорғау акцияларын өткізуге арналады.

Мүшелік кәсіподақ жарналарын қолма-қол ақшасыз төлеу тәртібі келісіммен, ұжымдық шартпен Кәсіподақ Жарғысында белгіленген мөлшерде белгіленеді.

Мүшелік жарналар мен екікті жарналар толық көлемде (жалпы алымның 100%) Кәсіподақтың есеп шотына аударылады.

Мүшелік кәсіподақ жарналарын (жалпы алым) ай сайын келесі мөлшерде бөлінеді:

- бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін жүзеге асыру үшін 68 %;
- Кәсіподақтың филиалдары мен бастауыш ұйымдарының өңірлік Кеңестерінің қызметін жүзеге асыру үшін 23 %;
- Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен орталық аппаратының қызметін жүзеге асыру үшін 7%.
- Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясына 2%.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымы болып табылатын Жергілікті кәсіподақ ай сайын Кәсіподақтың шотына жалпы алымның 9% аударады, оның ішінде:

- Кәсіподақтың Орталық Кеңесі мен орталық аппаратының қызметін жүзеге асыру үшін 7%.
- Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясына 2%.

10.8. Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қаражаттары осы Жарғыда қарастырылған қызметті қамтамасыз ету үшін олар бекіткен сметаларға сәйкес жұмсалады.

10.9. Жоғары тұрған кәсіподақ органдарына қаржылық есептер жылына бір рет беріледі.

10.10. Ай сайынғы кәсіподақ жарналарын себепсіз аударуды тоқтатқан Жергілікті Кәсіподақтарға Кәсіподақ Атқару комитетінің шешімі бойынша үш ай өткеннен кейін Кәсіподақтың осы ұйымдарға қатысты қорғау қызметі тоқтатылатыны туралы ескертіледі.

10.11. Кәсіподақ Төрағасы, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері мен мүшелік ұйымдарының төрағалары мүшелік кәсіподақ жарналарын толық жинауға, сондай ақ олардың міндетті аударымдары мен бөлу тәртібін сақтауға жауапты болады.

XI. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы, оның құрылымдық бөлімшелерінің ревизиялық комиссиялары

11.1. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы Кәсіподақ съезінде сайланады.

11.2. Бақылау-ревизиялық комиссиясының өкілеттігі – 5 жыл.

11.3. Құрылымдық бөлімшелердің ревизиялық комиссиялары - олардың конференциялары мен жиналыстарында Кәсіподақтың және оның құрылымдарының, олар құрған ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, мүшелік Кәсіподақ жарналарының және басқа да ақшалай түсімдердің есептелуіне және түсуіне, ақшалай қаражаттың дұрыс жұмсалыуына, Кәсіподақ мүлкінің пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті сайланбалы органмен бірдей өкілеттік мерзіміне және өз қызметінде Кәсіподақ мүлкінің пайдаланылуына бақылау жасау туралы Орталық Кеңес бекіткен олар туралы Ережелерді басшылыққа алады.

Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы Кәсіподақтың Орталық аппаратының, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді (ревизиялар мен тексерулер) жүзеге асырады.

Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы Кәсіподақ пен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің қаржы-шаруашылық қызметіне және басқа да мәселелеріне, тексерулер, ревизиялар нысанында басшы кәсіподақ органдарының жұмысынан бақылауды жүзеге асырады.

Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы Жергілікті кәсіподақтардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді (ревизиялар мен тексерулер) жұмысының бірінші жылы ішінде, кейіннен қаржы жылы өткеннен кейін жүзеге асырады.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің ревизиялық комиссиялары өз жұмысында Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

11.4. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясы Кәсіподақ съезіне есеп береді.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің ревизиялық комиссиялары жиналыстарға (конференцияларға) есеп береді.

11.5. Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссиясының төрағасы лауазымы бойынша Кәсіподақ съезінің делегаты болып табылады.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің ревизиялық комиссияларының төрағалары - тиісті конференциялардың делегаттары болады.

XII. Кәсіподақты қайта құру және тарату тәртібі

12.1. Кәсіподақты қайта құруға:

- Кәсіподақ мәртебесінің өзгеруі;
- Кәсіподақ филиалдары мен бастауыш ұйымдарының құқықтық жағдайларының өзгеруі;
- Кәсіподақ құрылымының өзгеруі және басқалар негіз болып табылады.

Қайта құру кезінде Кәсіподақтың барлық құқықтары мен міндеттері оның құқық иеленушісіне өтеді.

12.2. Кәсіподақ қызметі, егер оның құрылымдық бөлімшелерінің саны осы Жарғыда оны құру үшін қарастырылған саннан кем болса, съезд шешімімен немесе сот шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

12.3. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі съезд шешімі бойынша, съездер арасындағы кезеңде Орталық Кеңес немесе Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері конференциясының (жиналысының) шешімі негізінде, шешім шыққаннан кейін Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің, Кәсіподақтың Атқару комитетінің бекітуімен, тоқтатылуы мүмкін.

Кәсіпорындардың құрылымы өзгерген кезде немесе қызметкерлерді жұмыстан босатып, оларды тарату кезінде Кәсіподақ филиалының құрылымын өзгерту Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіподақтың жаңа құрылымдық бөлімшесін құру және жұмыс істеп тұрған кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату кезінде құқықтар мен міндеттемелердің, оның ішінде Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің сайланбалы органдары (құрамы, өкілеттіктерінің қолданылу мерзімі) туралы шешімді Кәсіподақтың Орталық Кеңесі қабылдайды.

12.4. Шешім:

- Кәсіподақ қайта құрылған кезде, егер кворум болып, ол үшін съезд делегаттарының кемінде үштен екісі дауыс берсе;
- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде, егер кворум болып, ол үшін съезд, конференция делегаттарының кемінде үштен екісі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

12.5. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату (тарату) туралы шешім қабылданған жағдайда оны тарату жөніндегі барлық ұйымдық шараларды тиісті құрылымдық бөлімшенің ревизиялық комиссиясы жүзеге асырады.

Ревизиялық комиссияның Кәсіподақтың филиалын тарату жөніндегі қорытындысын, кейіннен съезде бекітумен, Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

12.6. Кәсіподақтың бастауыш ұйымының жиналысының, конференциясының хаттамасы және ревизиялық комиссияның қорытындысы қызметті тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін үш күн мерзімінде Кәсіподақтың Атқару комитетіне жолданады.

12.7. Кәсіподақ қызметінің тоқталуы туралы шешім қабылданған жағдайда съезд тарату комиссиясын құрады, оның құрамына Кәсіподақтың бақылау-ревизиялық комиссияның мүшесі кіреді.

Қабылдаған шешім туралы әділет органдары хабарландырылады.

Кәсіподақтың тарату комиссиясы Кәсіподақ қызметінің тоқтатылғаны (таратылғаны) туралы, сондай-ақ оның кредиторларының талап-шағымдарын

беру тәртібі және мерзімі туралы ақпаратты Орталық әділет органының ресми мерзімдік баспаларында жариялайды. Талап-шағым беру мерзімі тарату туралы хабар жариялағаннан кейін екі ай. Кредиторлардың талап-шағымдары ұсыну мерзімі өтіп кеткеннен соң тарату комиссиясы аралық тарату теңгерімін жасайды, оны Кәсіподақтың Орталық Кеңесі бекітеді.

Кәсіподақ немесе оның құрылымдық бөлімшесі таратылған соң қалған мүлік Кәсіподақ Жарғысында қарастырылған мақсаттарға жұмсалады.

12.8. Тарату аяқталған, ал Кәсіподақ қызметін тоқтатқан болып Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінде тіркелген сәттен бастап саналады.

XIII. Қорытынды ережелер

13.1. Заңды тұлғаның құқығын заңнамада, осы Жарғыда, Жергілікті кәсіподақтар Жарғысында белгіленген тәртіппен қызмет ететін Кәсіподақтың Орталық Кеңесі, Кәсіподақтың Атқару комитеті, Кәсіподақ төрағасы, Жергілікті кәсіподақтар төрағалары іске асырады.

13.2. «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі қоғамдық бірлестігі барлық құқықтар мен міндеттемелер бойынша «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

13.3. Осы Жарғының ережелерін түсіндіру және түсіндіру құқығы Кәсіподақтың Орталық Кеңесінің құзыретіне жатады.

ТІЛІДІ ЖӘНЕ НӨМІРЛЕНДІ
67 (Алматы облысы) парақта

ПРОШУМЕРОВАНО И ПРОНУМЕРОВАНО

67 (Алматы облысы) парақта



Қолы / Подпись: *[Signature]*

ҚР ӘМ. ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ
ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІЛІГЕН ЖӘНЕ МӘРМЕН БЕКІТІЛГЕН
БАРЛЫҒЫ 67 (Алматы облысы) ПАРАҚ
2025 ж. «28» күні